



БЕКІТЕМІН

Әдістемелік орталығы

директоры

Ж. Мұхметова
« 10 » 02 2025 ж.



Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері және өндірістік оқыту шеберлері арасында «Жас педагог - 2025» облыстық жас мамандар байқауының ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже «Жас педагог – 2025» Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері және өндірістік оқыту шеберлері арасындағы облыстық кәсіптік шеберлік конкурсының мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру, өткізу, қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ереже

1.1. Байқау жас педагогтардың білім берудің барлық деңгейлерінде жұмыс жасауына дайындықтың бір түрі болып табылады.

1.2. Байқау жас педагогтардың жеке шығармашылық кеңістігін шоғырландыруға, зерттеушілік және ізденушілік бағытын дамытуға, педагогикалық өз ойын білдіру тәсілдерін және жеке шығармашылық жолын табуға мүмкіндік береді.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаты - жас педагог қызметкерлердің шығармашылық әлеуеті мен өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау, білім беру жүйесін жетілдірудегі жас педагогтердің белсенді кәсіби көзқарасын қалыптастыру.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- педагогикалық мамандықтың мәртебесін және беделін арттыру;
- жас педагогтардың әдістемелік деңгейін жетілдіру;
- жас педагогтардың оқу-тәрбие процесіне инновацияларды еңгізу;
- эксперименттік және инновациялық жұмыстардағы кәсібилігі мен дербестігін дамыту;
- жас педагогтардың өз педагогикалық қызметіне талдау және өзін-өзі жетілдіру;
- шығармашылық қабілеттері мен белсенді кәсіби ұстанымдарын дамыту;
- кәсіби қоғамдастықта жас мамандар өзін-өзі жетілдіру және әріптестерінің қолдауы үшін кәсіби қарым-қатынас мүмкіндіктерін құру.

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жас педагогтері және өндірістік оқыту шеберлері қатыса алады.

3.2. Байқауға Жетісу облысы бойынша бір колледжден кемінде еңбек өтілі 3 жыл (еңбек кітапшасының көшірмесі өтініммен қоса берілуі қажет) 30 жасқа дейінгі 1 жас педагог қатысуына болады.

4. Байқауды өткізу мерзімдері

4.1. Байқау «Жетісу облысы білім басқармасының» ММ «Әдістемелік орталығы» КММ және І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov college» базасында 26 ақпан күні өтеді.

4.2. Қатысу үшін өтінім zhetysu.tipo@mail.ru электронды почтасына 2025 жылдың 19 ақпан сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

5. Байқаудың жеңімпаздарын анықтаудың жалпы өлшемдері

5.1 **Өзін-өзі таныстыру.** «Алғашқы педагогикалық қадам» – мұғалімнің кәсіби жолындағы ең алғашқы тәжірибесі, яғни білім беру саласындағы алғашқы әрекеттері мен өзін кәсіби тұрғыда таныстыру кезеңі. (5 минут).

Бағалау өлшемдері:

- шығармашылық жұмысты таныстырудағы дайындық дәрежесі;
- өз жұмысының жетістіктері мен сәтсіздіктеріне жан-жақты талдау жасай білуі;
- ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалануы;
- ауызша сөйлеу өнері (айқындылығы, мәнері, образдылығы, сауаттылығы);
- импровизациялық қабілеті;
- аудиторияға ықпал ету дәрежесі;
- жүйелілік және аргументтілік;
- кәсіби қызмет динамикасы;
- материалдардың толықтығы;
- материалдың эстетикалық безендірілуі.

Жалпы мәдениеті:

- ой-өрісі және ойлау қабілетінің ерекшелігі;
- коммуникативті мәдениеті.

5.2 **«Педагогикалық идея».** (регламент -5-7 минут).

Бағалау өлшемдері:

1. құзыреттілік (әдістемелік сауаттылығы, білімнің тұрақтылығы, АКТ-ны қолдану, сабақтың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруы).
2. рефлексивті (қатысушының жұмыс тақырыбы бойынша жеке ұстанымы, педагогикалық құралдарды аргументті таңдау, өзіндік табыстылық қабілетінің деңгейін анықтау).

Әр колледжден 1 қатысушы ғана қабылданады!

Қосымша сұрақтар бойынша: 8707 400 70 79 Лаура Байғазиевна

Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

1. Кезеңдер бойынша байқау қорытындылары қазылар алқасының хаттамасы негізінде айқындалады
2. Қазылар алқасының шешімі бойынша байқау жеңімпаздары Жетісу облыстық әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдары және қатысқаны үшін сертификаттармен марапатталады.